

**"Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 512 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 маусымда № 32913 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылғы 11 қыркүйекте № 9729 тіркелді) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидалары:

мынадай мазмұндағы 12-тараумен толықтырылсын:

"12-тарау. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасау үшін сотталғандардың кандидатураларын келісу және олардың қызметін бақылау.";

мынадай мазмұндағы 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91 және 92-тармақтармен толықтырылсын:

"84. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған егер оған күтім жасау қажет болған жағдайда осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мекеме бастығының атына оған күтімді жасау үшін сотталғандар қатарынан кандидатураны келісуге өтінім жазады.

85. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасайтын адамдар ретінде :

- оң мінез-құлық дәрежесі бар;
- жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайларында ұсталатын;
- бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандарға күтім жасауды жүзеге асыру үшін Әлеуметтік кодекстің 172-бабы 3-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ;

- бірінші топтағы мүгедектігі бар адаммен мекеменің бір жасағында тұратын сотталғандар тартылады.

86. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасайтын адам ретінде сотталған адамның кандидатурасы мекеме бастығымен бекітілген комиссияның отырысында жазбаша өтінім түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде айқындалады

Жасақ бастығы мекеме комиссиясының отырысы басталғанға дейін кандидаттарға қатысты мінездеме, көтермелеу және жазалау туралы анықтама дайындайды, сондай-ақ мынадай материалдарды:

- психологиялық мінездемені;
- мекеме аумағында орналасқан медициналық ұйымнан денсаулық жағдайы туралы анықтаманы жинайды;

Мекеме комиссиясы мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, мекеме бастығы түпкілікті шешім қабылдайды.

87. Күтімді жасайтын адам ретінде кандидатура айқындалғаннан кейін бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адам Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 172-бабы 4-тармағының төртінші абзацына сәйкес уәкілетті орган бекіткен мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) жазады, ол мекеме әкімшілігі қол қойылған күні "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) ұсынылады.

88. Мекемелерде сотталған адам бірінші топтағы мүгедектігі бар бір сотталған адамға ғана күтімді жүзеге асыра алады.

89. Бірінші топтағы мүгедектігі бар және/немесе оған күтім жасайтын сотталған мекемеден:

- стационарлық жағдайларда және пациенттің өміріне қауіп төнген кезде шұғыл жағдайларда жоспарлы мамандандырылған медициналық көмек алу үшін медициналық ұйымдарға;

- прокурор санкциялаған қылмыстық қудалау органдарының қаулысы негізінде тергеу амалдарына қатысу үшін тергеу изоляторына

шығарылған кезде мекеме әкімшілігі жоғарыда аталған адамдардың бірі мекемеден шыққан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес мекемеге келгенге дейін күтімді жасайтын адамға жәрдемақыны тоқтата тұру туралы ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде Мемлекеттік корпорацияны хабардар етеді.

Күтімді жасайтын сотталған адам кеткен кезеңде мекеме әкімшілігі бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасауды ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Жоғарыда аталған адамдар өздері шыққан мекемеге қайтып оралған кезде мекеме әкімшілігі осы Қағидаларға 27-қосымша сәйкес нысан бойынша бір жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде Мемлекеттік корпорацияны мекемеге келгені туралы хабардар етеді.

90. Бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамның немесе оған күтім жасайтын сотталған адамның жазасын өтеу мерзімі өткен не өзге де негіздер бойынша босату кезінде мекеме әкімшілігі осы күн басталғанға дейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік корпорацияны ақпараттық жүйе арқылы немесе қағаз жүзінде хабардар етеді.

91. Күтімді жасайтын асыратын сотталған адамды ауыстыру мекеме әкімшілігінің келісімі бойынша бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамның өтініші негізінде, осы Қағидалардың 84, 85, 86 және 87-тармақтарына сәйкес оларды бастапқы іріктеу кезінде тәртіпте жүзеге асырылады.

92. Мекеме әкімшілігі сапалы күтім жасауды жүзеге асыру мақсатында бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамға күтім жасайтын сотталған адамның қызметіне әңгімелесу, тексеру, бейнебақылау камераларының мониторингі арқылы бақылау жүргізеді.";

осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 26, 27 және 28-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі*

*М. Ахметжанов*

"Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидасын  
бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 13 тамыздағы  
№ 508 бұйрығына  
толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің

2023 жылғы 26 маусымдағы  
№ 512 бұйрығына  
1-қосымша  
Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидаларына  
26-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ облысы  
бойынша  
ҚАЖД №\_\_ мекемесінің  
бастығы

\_\_\_\_\_  
(арнаулы атағы)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., болған жағдайда)  
1-топтағы мүгедектігі бар  
сотталған

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., болған жағдайда)

## ӨТІШІМ

Сізден мына сотталғандардың ішінен маған күтім жасайтын адамның кандидатурасын келісуіңізді сұраймын:

1. \_\_\_\_\_ ;
2. \_\_\_\_\_ ;
3. \_\_\_\_\_ .

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. сотталғанның қолы және күні)

"Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидасын  
бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 13 тамыздағы  
№ 508 бұйрығына  
толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2023 жылғы 26 маусымдағы  
№ 512 бұйрығына  
2-қосымша  
Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидаларына  
27-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ облысы

(Мемлекеттік корпорация  
бөліністерінің атауы)

## ХАБАРЛАМА

Сізге, 20\_\_ жылғы "\_\_\_" бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған  
\_\_\_\_\_ күтім жасайтын сотталған

(Т.А.Ә., болған жағдайда)

(Т.А.Ә., болған жағдайда) (себебін көрсету)

байланысты №\_\_ мекемесінен/мекемесіне шығарылғаны/қайтып оралғаны туралы  
хабарлаймыз.

\_\_\_\_\_ облысы бойынша  
ҚАЖД №\_\_ мекемесінің бастығы

(арнаулы атағы)

(қолы)

(Т.А.Ә., болған жағдайда)

"Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидасын  
бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2014 жылғы 13 тамыздағы  
№ 508 бұйрығына  
толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2023 жылғы 26 маусымдағы  
№ 512 бұйрығына  
3 қосымша

Бас бостандығынан айыруға  
сотталғандармен тәрбие  
жұмысын жүргізу қағидаларына  
28-қосымша

\_\_\_\_\_ облысы

(Мемлекеттік корпорация  
бөліністерінің атауы)

## ХАБАРЛАМА

Сізге, 20\_\_ жылғы "\_\_\_" бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған  
\_\_\_\_\_ күтім жасайтын сотталған

(Т.А.Ә., болған жағдайда)

(Т.А.Ә., болған жағдайда)

(себебін көрсету)

байланысты №\_\_ мекемесінен босатылатыны не босатылғаны туралы хабарлаймыз.

\_\_\_\_\_ облысы бойынша

ҚАЖД №\_\_ мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_

(арнаулы атағы)

(қолы)

(Т.А.Ә., болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК